


РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



*Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың
«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
мақаласы төңірегінде
«Рухани жаңғырудың жарқын жолы»
атты презентациялық жоба
“Самғау” б. ш. клубы*

Көлбай Аяулым



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту; Оқушылардың бойында ұлттық сананы ояту, жас ұрпақ санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру.

Жоспары:



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



- *Бәсекеге қабілеттілік*
- *Ұлттық сәйкестікті сақтау*
- *Сана-сезім*
- *Білімділік*
- *Қазақстанның революциялық дамуы емес, эволюциялық*




Бәсекеге қабілетілік




РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, « Цифрлы Қазақстан », « Үш тілде білім беру » сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.



Ұлттық сәйкестікті сақтау



Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.

•Сана-сезім



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Сананың ашықтығы ол жаңа технологияның ағынымен келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.



білімділік



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Әрбір қазақстандық білім беру болашақта табыстың ең іргелі факторы екенін түсінуі керек. Жастар басымдықтарында білім бірінші санатта болуы керек.

Егер құндылық жүйесінде білім негізгі құнға айналса, ұлт табысты болады.



Қазақстанның революциялық дамуы емес, эволюциялық дамуы



Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. « Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық » деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Мемлекетке есімін беріп отырған ұлттық салт - дәстүрлеріне құрметпен қарау, оның тілі мен дінін сыйлау, заңдарына бағыну, рәміздерін ардақтап, жетістіктеріне шаттану- қоғамның әрбір мүшесінің парызы.



Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін.



«Мемлекет пен ұлт құрыштап құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек.

Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек.

Қорытынды



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



*Болашаққа бағдар құрып жолдаған,
Барлық қазақ бір ауыздан қолдаған.
Жақсы бір іс, оң бастама болған соң,
Рухта да бір жаңғыру орнапты.
Білімдінің жаңартуда санасын,
Тарихатан талай сырлар табасың.
Дәстүрімді, салтымменен санамды,
Әрекетсіз қалай сақтап қаласың?!
Рухани кеңістік те жаңғырсын,
Төл өнерін қазағымның ән қылсын.
Қазағымның маңдайына бақ тұнып,
Білімді жас-патриоттықпен сән
құрсын !*



Назарларыңызға рахмет!!!

